



● ПРЕЗИДЕНТ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕ БЕРМЕК

Ашхабатта ұйымдастырылып жатқан Алтыншы Каспий саммитіне қатысуға келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен кездесу өткізді.

Қазақстан Президенті, ең алдымен, түрікмен жеріндегі дәстүрлі қонақжайлылығы үшін ризашылығын білдірді. Бұл – Сердар Бердімұхамедов Президент болып сайланғаннан кейінгі екі ел басыларының алғашқы бетпе-бет кездесуі. Осыған орай Мемлекет

басшысы Түрікменстанның жаңа Президентін сайлаудағы жеңісімен құттықтады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Ашхабатта өтетін Алтыншы Каспий саммитіне ерекше мән беретінін жеткізді. Қазақстан Президенті саммиттің нәтижесі

Каспий маңы мемлекеттерінің достық пен тату көршілік байланыстарын одан әрі нығайтуға елеулі үлес қосып, өзара тиімді ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтетініне сенім білдірді.

Сердар Бердімұхамедов Қасым-Жомарт Тоқаевқа шақыруын қабыл алғаны үшін ризашылығын білдіріп, осы саммитке қатысты ойын айтты. Түрікменстан Президенті бәрімізге ортақ Каспийдің игілігі үшін келелі басқосу болатынын жеткізді.

● САПАР

«Алғабас» пен «Ақмаяға» газ келді

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың аудандарға жұмыс сапары жалғасуда. Аймақ басшысы Шиелі ауданында болып, тұрғындармен кездесті. Сондай-ақ сапар барысында «Ақмая», «Алғабас» ауылдарын «көгілдір отынға» қосу салтанатты іс-шарасына қатысты.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Мемлекет басшысының Жарлығы аясында өңірлерде кездесу өткізіп жүрген аймақ басшысы Шиелі кентіндегі «Арман» мәдениет үйінде аудан халқымен жүздесті. Алдымен әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, алдағы уақытта атқарылуы тиіс міндеттерді атап өтті. Аудан төңірегіне инфрақұрылым тарту және ауыл шаруашылығындағы өзекті мәселелерге тоқталды.

– Мемлекет ауыл шаруашылығын дамытуға жыл сайын облысқа 15 млрд теңге көлемінде қаржы бөліп келеді. Бұл аз қаржы емес, оны тиімді

және мақсатты пайдалансақ, өрісімізді кеңейтуге мүмкіндік жеткілікті. Осындай қолдаудың арқасында мал басында өсім бар. Мәселен, Шиелі ауданында ет 101,7%, сүт 100,9%, мал басы 105%-тен 119%-ке дейін өсті. Ендігі кезекте мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен қатар оны қалдықсыз өңдеуге мән береміз, – деді облыс әкімі.

Шиелі ауданында «Қазу-шар» кәсіпорны төңірегіндегі жалпы ұзындығы 83 шақырым болатын 6 каналға механикалық тазалау жұмыстары жүргізіліп, 15 дана насос қондырғысы сатып алынған. Қосымша

«Сайфурхан» каналына тазалау жұмыстары жүргізілуде. Ал инфрақұрылым мәселесі бойынша «Нұрлы жол» бағдарламасымен қолға алынған «Шиелі-Жеміс-жидек» және «Шиелі-Қарғалы-Байқоңғар-Жанакорған» автожолы бойындағы қос көпірді күрделі жөндеу жұмыстары биыл аяқталады. Ал «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауданда қарасты елді мекендердің 23 көшесін орташа жөндеу жұмыстары жыл аяғына дейін бітіпек.

Кездесуде білім беру саласы мен бұқаралық спортты дамытудағы атқарылар жұмыстар да айтылды. Жоғарыда атап өткен, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында «Гигант» ауылындағы №148, «Ы. Жақаев» ауылындағы №149, Шиелі кентіндегі №45 мектептердің жылу қазандықтары қайта жаңғыртылады.

2-бет



«Қанатты қалам» қалықтаған күн

А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне арналған «Қанатты қалам» атты мерекелік іс-шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, БАҚ өкілдеріне ізгі тілегін жеткізді.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Сахна шымылдығы жастар театры артистерінің «Қанатты қалам» кейінгілерге аманат...» атты прологымен ашылды. Сыр журналистикасы туралы бейнелік көрсетілді. Бүгінде облыстың медиакөністігінде 130-дан аса бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Заман талабына сай жанару мен жаңғырудың жолын ұстанған бұл сала іргелі индустрияға айналды. Журналистер ұлттық рухты қалыптастыруда, барлық саланың

дамуына, қоғамдағы әлеуметтік маңызы бар бастамалардың өміршеңдігіне елеулі үлес қосып жүр. Мерекеле аймақ басшысы мерекелік құттықтауын жеткізді.

– Ақпарат тасқыны алапат дәуірде таңдаған мамандығына адал болып, ұстанымын өзгертпеген, қалам қасиетін ардақ тұтқан журналистер қауымына жақсы тілектерімізді айту үшін жиналып отырмыз. Өздеріңіздей туған жердің тарихын қадір тұтып,



бүгінгісіне марқайып, ертеңіне аландайтын қауыммен жүздесу – біз үшін үлкен қуаныш. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ел дамуының барлық кезеңдерінде бүгінгімізді бекем, болашағымызды жарқын ету жолында сіздер де зор үлес қосып, ең қиын сәттерде жүректеріге сенім ұялататын шынайы ақпарат тараттыңыздар, халықтың ертеңге деген сенімін арттырдыңыздар. Сенсацияны мақсат тұтқан жаңалықтарың ақ-қарасын ажыратып, көрермен мен оқырманға дұрысын жеткізу үшін тынбай еңбек еттіңіздер. Ағайынның ауызбірлігі, қалтқисыз сенім, қиналғанда бір-біріне қол созған қайырымды жандар туралы көрсетілім, мақала ұйымдастырдыңыздар. Сол үшін де сіздерге Сыр жұртшылығы атынан зор ризашылығымызды білдіреміз, ел үшін жасап жүрген еңбектеріңізге бас иеміз! – деді облыс әкімі.

4-бет

● СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

№1 МӘСЕЛЕ шешімін таппақ

Қазіргі күнімізді сусыз, жарықсыз, қыстың күні жылусыз елестету мүмкін емес. Ал ең бірінші кезектегі қажеттілікте мәселе туындаса, ол дереу шешімін табуы тиіс. Әйтпесе, тіршілікте кедергі болып, жұмыс тоқтап қалады.

Күннің қатты ысуына байланысты бір күн шамасында «КРЭК» АҚ компаниясының қосалқы станциясында 35 кВ әуе желісінде жүктеме тоғының күрт көбейді, сымдар қызып, үзілу салдарынан қаланың бірқатар бөлігінде жарық соңып, ауысуда да ақпай қалды. Тасбөгет, Сәулет, Байтерек, Шанхай шағын аудандарында уақытша электр жарығын беру тоқтатылды.

Тұрғындар үшін қолайсыздық туындаған жағдайға байланысты облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов БАҚ өкілдеріне сұхбат берді.

– Мархабат Жайымбетовтың, кейінгі кездегі аптап ыстық қала халқы әбдірсіткені рас. Күн райының қатты ысуынан электр сымдары қызып, жарық болмады. Дамыған заманда электр энергиясыз тіршілік жоқ. Шамалы уақытта орын алған апаттық жағдайды оныс да қатты ыстықтан шаршаған тұрғындардың шамына тигенін де жасыра алмаймыз. Осы сәлемнің маманы ретінде жағдайды қалай түсіндіресіз?

Қаладағы электр желі-қолданылғанына 50-60 жыл болған, әбден тозығы жеткен. Жүктемесі екі есеге көбейгендіктен, 370 Амперге жеткенде спираль секілді қатты қызады. Соның әсерінен «КРЭК» АҚ компаниясының қосалқы станциясында ақаулар орын алды. 11-31 деген 35 кВ желіде сым үзілді. Салдарынан 5-6 сағатқа дейін жарық болмады. Қаланың біраз бөлігі, жарықсыз, сусыз қалды. Мұның себеп-салдарына тоқтаймын. 2018 жылдан бері қосалқы станция-

ларды жөндеуге жоба-сметалық құжаттары дайындалып, бытыр республикадан қаржы әкеліп, 4 млрд 800 млн теңгеге жұмыс істелуі тиіс болатын. Конкурстан ұтып алған басқа аймақтың мекемесі өз міндеттемесін орындамай, яғни жұмысты атқармай жөндеу жасамады. Биыл біз ол мекемені сотқа беріп, бөлінген 462 млн теңге авансты қайтаруға жұмыс жасап жатырмыз. Былтыр қосалқы станцияларға жөндеу жүргізілгенде мұндай қолайсыздық орын алмас еді. Осы орайда облыс әкімінің шешімімен, шұғыл түрде 500 млн теңге қаржы бөлінетін болады. «Силикатная», «Промышленная», «Комсомола» қосалқы станцияларына жөндеу жұмыстарын жүргізіп, алдағы қысқа кіреміз деген ойымыз бар. Айта кету керек, қазір жүктеме 2-3 есеге артты. Бұрын қажетті энергия 100 көпқабатты тұрғын үйге есептелген болса, қазір қосалқы станцияларға 200-300 үй қосылып отыр.

2-бет

● МЕРЕЙ

Асқақ рухты ақын кеші

Кеше Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында белгілі ақын, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, «ҚР ақпарат саласының үздігі» Дүйсенбек Аяшұлының 60 жасқа толуына орай шығармашылық кеш өтті.

«Өлең жырдың жүйрігі» атты рухани кеште облыс әкімінің орынбасары Нұрмбет Сақтағанов сөз сөйлеп, ақынның мерейлі жасына лебізін білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын оқып, иығына дәстүрге сай шапан жапты.

Театрланған көріністен кейін кеш тізгінін қолына алған ақын Толқын Қабылша келген қонақтарға өз оқырманының жан дүниесін толтытқан ақынның әсерлі өлеңдері жайлы айта келіп, замандастарына сөз берді.

Елорда мен Алматыдан арнайы келген жерлесіміз, жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлы мен жырау, фольклортанушы ғалым Берік Жүсіпов ақын жайлы естелік-тілегін жеткізсе, ақын, Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың иегері Толыбай Абылаев өз ықыласын өлеңмен білдірді.

Салтанатты кеште Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулеттің құттықтауын басқарма филиалының жетекшісі Қаршыға Есімсейітова табыс етсе, Қорқыт ата университетінің гуманитарлық-педагогикалық институт дирек-



торы Сағат Тайман ректордың құттықтау хатын оқып, университеттің «Алтын төс-белгісі» кеудесіне тақты. «Қызылорданың Қадыры» атанған Дүйсенбек Аяшұлының осы кеште «Жұлдызым жоғары» атты жаңа кітабының тұсауы кесілді. Сондай-ақ сахнадағы экранда ақынның «Дарияның өткелінде» туындысына қойылған балалық шақ бейнесі ұсынылды. Жастар ақынның өлеңдерін жарыса оқыды. Кешке арнайы Нұр-Сұлтан қаласынан келген, Сырдың мақтанышы Елмұра Жанәбгеренова ақын жайлы естеліктерімен бөлісіп, ән шырқады. «Бір өлең жазғым келеді» атты өлеңіне жастар театры өнерпаздарының қойылымы ұсынылып, ақын сөзіне жазылған әндер орындалды.

Кеш соңында мерейтой иесі сөз алып, келген қонақтар мен оқырмандарына шынайы алғысын білдірді.

Ақын сөзіне жазылған Алтын Бекеновтың «Нұр-Астана» әнімен кеш шымылдығы жабылды.

«СБ» ақпарат

ЕҢБЕККЕ ҚҰЛШЫНЫС ЕҢСЕНІ ТІКТЕЙДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш және Сырдария аудандарында жұмыс сапарымен болды. Сапар барысында аудан халқымен жүздесіп, атқарылған жұмыстар барысы сараланды. Алдағы уақытта аймақта және аталған екі ауданда жүзеге асатын ірі бастамалар, жаңашыл жобалар жөнінде ой қозғап, тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Алдымен Жалағаш кентіндегі Қ.Қазантас атындағы мәдениет үйінде халықпен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы міндеттер жөнінде кеңінен әңгімелеп берді.

– Биыл өңірге 350 млрд тенге инвестиция тарту көзделген. Индустрияландыру бағдарламасы аясында құны 9 млрд теңгені құрайтын 5 жоба ел игілігіне айналады. Сондай-ақ, «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатын салу жоспарлануда. Оның жалпы құны – 235 млрд тенге. Ауданда 2018 жылдан бері жұмысы жүрмей тұрған «Мия зауытын» қайта жөндеу маусым айында басталмақ. Қазір осы мақсатта шетелдік мамандармен тиісті іс-шаралар жүргізілуде, – деді облыс әкімі.

Биыл облыста су тапшылығына қарамастан күріш көлемі 78 мың гектарды құрады. Үкімет тарапынан су тапшылығын жою үшін 3,6 млрд тенге бөлінген. Оның ішінде аудандығы Шоняқ, Бозарық және Өйтек каналдарын механикалық тазарту жүргізілуде. Оған қоса 15 дана насос сатып алынбақ.

Бүгінде облыста азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында көкөніс-бақша өнімдерін егу үшін бос жатқан жерлерді игеруге ынталы азаматтар кірісіп кетті. Ол барлық ауданда жүргізілуде. Нәтижесінде жоспардан тыс Жалағаш ауданында 250 гектар жерге қосымша егін егілді.

Биыл облыстық бюджет есебінен Жалағаш кентінің Қазыбек би көшесі, М.Шаменов ауылына кіреберіс жол жарықтандырылады. Республикалық бюджет қаражаты есебінен Жалағаш кентіндегі «Ақтерек» жеміліне электр жылы сумен жабдықтау желілері толығымен тартылмақ. Оған қоса, осы телімге газ апару бойынша құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті.

– Жалағаш ауданының 55,2 шақырым жолын жөндеуге 2,1 млрд тенге қаралды. Биыл «Қызылорда-Жалағаш», «Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Бұхарбай батыр», Жалағаш кентіндегі Конституция, Н.Апрезов көшелері, Еңбек, Мырзабай, Шаменов, Ақжар, Жанадәрия ауылдарындағы бірқатар көшелер жөндеуден өтеді. «Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жанадәрия» автомобиль жолы бойындағы көпір республикалық бюджет есебінен қайта жасалғылады. Сол арқылы аудандағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесі 93%-ке жетеді, – деді облыс әкімі.

Биыл Жалағаш кентіндегі «Ақмар-



жан», «Күншуақ» және №19 санаторлық типтегі балабақшалардың бұ қазандығы газға ауыстырылады. Инклюзивті білім беруді қолдау аясында ауданда 3 мектепке инклюзивті кабинет, 3 логопункт ашылды. Облыстық бюджет есебінен Жалағаш кентіндегі №123 мектепке 200 орындық қосымша құрылыс салудың жобалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптама қарауында. Медицина саласы бойынша Таң елді мекеніндегі дәрігерлік амбулатория пайдалануға беріледі. Облыстық бюджеттен Мырзабай және Аламесек ауылдарында дәрігерлік амбулатория құрылысының жобалық құжаттамасы әзірленді.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында М.Шаменов ауылындағы мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізілмек. Аудан орталығындағы 200 орындық оқушылар үйі мен 50 балаға арналған өнер мектебі, дене шынықтыру кешені және стритбол алаңы пайдалануға беріледі.

Облыс әкімі мәдениет үйінің кіші залында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Мұнан кейін «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағында «Өркен Әлем» ЖШС-ның арнайы киім тігу және әскери қасқа дайындау цехінің жұмысымен танысты.

Облыс әкімі Таң ауылдық округінде абабтандыру жұмыстарына зер салды. Сондай-ақ, Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Ер Әлі» шаруа қожалығының көкөніс өнімдері егілген егістік алқабымен танысып, «Құрманбай ата» шаруа қожалығының алма бағын көрді.

Түстен кейін сапар Сырдария ауданында жалғасты. Алдымен аудандық мәдениет үйінде жергілікті жұртшылықпен жүздесіп, алдағы мақсат-міндеттер туралы кеңінен баяндады.

Биыл «Шаған» шаруа қожалығында

күріш өңдеу цехы іске қосылмақ. Жоба құны – 150 млн тенге. Онда 25 адам еңбекпен қамтылып, жылына 600 тонна өнім өндірілмек. Қазір құрылыс жұмыстары толықтай аяқталды. Жакын күндері іске қосылады.

– Биыл аймақтағы су тапшылығын жою үшін Үкіметтен бөлінген қаржы есебінен Сырдария ауданына 6 дизельді насос алынды. Одан бөлек, облыстық бюджет есебінен Н.Ильясов, Айдарлы ауылдық округтеріне 3 насос қондырғысы сатып алынды. Сондай-ақ, Жетікөл ауылдық округіндегі «Хозцентр», «Жыңғылдыкөл» каналдарына тазалау жүргізілуде. Азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін Сырдария ауданында 150 гектарға қосымша егін егілді, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, облыстық бюджет есебінен аудан орталығы – Теренөзек кентіндегі тұрғын үйлер ауаларын абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Оның аясында балалардың ойын, спорт алаңдары, көгалдандыру жұмыстары жөнге келмек.

Биыл Теренөзек кенті толығымен газбен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде ауданда табиғи газбен қамту үлесі 20%-ке жетті. Аудан әкімдігі тарапынан Қалжан ахун ауылын газдандыру жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Бұл бойынша келесі жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында газ кіргізу жұмыстары басталады.

Биыл республикалық және облыстық бюджеттер есебінен Сырдария ауданындағы 55 шақырым жол жөндеуге 2,3 млрд тенге қаралған. Бұған «Қызылорда-Жалағаш», «Айдарлы-Тартоғай», «Жалағаш-Теренөзек» және Бесарық, Ақжарма ауылдарында бірқатар көшелер орташа жөндеуден өткізілсе, «Қоғалы-Шіркейлі» автожолын, Н.Ильясов ауылындағы көшелерді жөндеу жалғасуда. Осы жұмыстарды аяқтау

арқылы Сырдария ауданында жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесі 100%-ке жеткізілмек.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен халықтың табысын арттыруда нақты іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Өңірде 30 мыңнан астам, оның ішінде Сырдария ауданында 2156 жұмыс орнын ашу жоспарда тұр. Биыл 5 айда ауданда 1052 жаңа жұмыс орны құрылса, оның 448-і тұрақты. Білім саласы бойынша Сырдария ауданына қарасты Амангелді елді мекеніндегі №42 мектепке күрделі жөндеу жүргізіледі, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ аудан орталығы – Теренөзек кентіндегі 2 балабақша және 1 мектептің жылу қазандығы газға ауыстырылады. Инклюзивті білім беруді қолдау аясында ауданда 3 мектепке инклюзивті кабинет, 7 логопункт ашылды. Н.Ильясов ауылында дәрігерлік амбулатория құрылысының жобалық құжаттамасы әзірленген. Биыл Бесарық елді мекеніндегі спорт кешенінің құрылысы жалғасуда.

– Алдағы міндетіміз – экономика салаларына инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлік саласын дамыту. Осы мақсатта арнайы іс-қимыл жоспары бекітілді. Өңірде жүзеге асатын әрбір жобаның құрылыс облыстық мәслихаттың шешімімен бекітілетін кезектілік тізімі негізінде ғана орындалуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Мұнан кейін облыс басшысы тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Шіркейлі ауылындағы «Мәді Қажы» ЖШС-ның қартоп, көкөніс, бақша дақылдары егістігін көріп, ауыл тұрғындарымен жүздесті. Серіктестікке қарасты алқапта жаздық бидайға орақ түсіп, диқан қауымының еңбегіне тілек-тестік білдірді.

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Уәйіспен кездесіп, 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, ілтипат көрсетті.



Аймақ басшысы қайраткердің ел мүддесі жолындағы қызметін ерекше атап өтіп, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Түркия еліндегі өкілдігінің жетекшісі ретіндегі қызметіне сәттілік тіледі.

– Сізді еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін шетелде аккредитацияға тіркелген тұңғыш қазақ журналисі ретінде барша жұрт жақсы біледі. 2007 жылы өзіңіздің туған топырағыңыз – Сыр еліне келіп, туған жерге деген перзенттік парызыңызды өтеп келесіз. Осы жылдар ішінде облыс әкімінің кеңесшісі, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы қызметтерін абайсыман атқарып, қазірдің өзінде аймақтағы қоғамдық келісім мен этносаралық бірлікті нығайту бағытында жемісті еңбек етудесіз.

Сізді тағы да өз атымынан және

облыс тұрғындары атынан мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, Өзіңізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Ел мүддесі жолындағы есеп еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз! – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жиында өңір басшысы Ержан Убайдаұлына ҚР Парламенті Сенатының және Мәжіліс төрағаларының арнайы құттықтау хатын табыстады.

№1 МӘСЕЛЕ шешімін таппақ

Қарапайым мысалмен түсіндірер болсақ, 5 келілік целлофан қалтаға 10-15 келі зат салғанда ол үзілмей ме? Бұл да сол секілді жағдай. Бәйтерек аумағын қамтитын ІІ-32 электр желісі үзіліп, оны жөндедік. Ерtesіне тағы да үзілді. Бізде түскі сағат 14.00 мен 18.00, кешкі 20.00 мен 23.00 аралығында жүктеме артады. Түскі уақытта кондиционер, кешке жарық қосылғанда жүктеме көбейеді.

Айтылып өткен қондырғылар мен электр желілерінің тозығы 70%, іске қосылған уақыты осыдан 50-60 жыл бұрын. Сондықтан бірінші кезекте қосалқы станцияларды қайтадан жөндеп, қысқа әзір болуымыз керек.

– **«Қыстың қамын жазда ойла» деген тамсіл бар халық даналығында. Алдағы жылу беру маусымына әзірлік қандай?**

– Қысқа дайындықты бастау үшін үлкен жоспарымыз бар. ҚРЭК мекемесінің өз қаражаты есебінен және жоғарыда айтып кеткендей, облыстық бюджеттен 500 млн тенге бөлініп, қосалқы станциялар мен желілерді жөндесек, қысқа дайынбыз. Бір-екі жыл ішінде жоспардағы жұмыстарды орындай алсақ, қалаға үздіксіз электр энергиясын беруге болады.

– **Бұл ағымдағы жөндеу жұмыстарына бөлінген қаржы ма? Толығымен жөндеуге қанша қаражат қажет?**

– Біз Үкімет деңгейінде де, министрлікке де бұл мәселені айтып келеміз. Төрт қосалқы станцияны жөндеуге 4 млрд 800 млн тенге бөлінген болатын. Бұл, әрине, жеткіліксіз. Қала бойынша барлығын жанарту үшін бізге 9 млрд тенгеге жуық қаражат керек. Аудандардағы жағдай да мүлдем сын көтермейді, барлығының тозығы жетіп тұр. Қазір біз сотқа берген мекеменің ісі қаралуда. Оған берілген 462 млн теңгені қайтаруымыз керек. Содан кейін қайтадан конкурс жариялап, жергілікті тәжірибелі мекемелер ұтып, сапалы жөндеу жұмыстарын атқарады деген ойдамыз.

– **Аймақтағы жалғыз жылу-электр орталығының тозығы әлсіздейтін, жаңа жылу-электр орталығын уақытылы салу – маңызды мәселелердің бірі. Осыған байланысты тез арада инвестор тарту қажеттігін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Энергетика министрі Болат Ақиолақовтың өңірге сапары кезінде мәселе етіп көтерген болатын. Бұл мәселе қалай шешілуде?**

– Облыста 215 млрд тенгеге 240 мегаватт қуаты бар жаңа жылу электр орталығын салу алдағы жоспардың еншісінде. Қазір айта кету керек, конкурстың конверттері ашылды. Кім бағаны төмендетіп береді. Сол жылу-электр орталығын салады. Қазіргі таңда 2 инвестор конкурсқа қатысуға рұқсатын алып, 13 шілдеде жеңімпаз анықталады. Біздің осындай қуанышты хабарымыз бар.

– **Оның құрылысы қашан басталамақ?**

– Биыл жоба-сметалық құжаттары дайындалып болса, ол кем дегенде 5-6 ай уақыт алады. Келер жылдың басында басталады деген ойдамыз. Жоспар бойынша 2025 жылға дейін салып болу межесі бар.

– **Бұл қаланы толық жерсіз-пен қамтамасыз ете ала ма?**

– Жаңа жылу орталығының қуаты 240 мегаватт құрайды. Облысты толығымен жарықпен қамтамасыз етуге қауқары жетеді. Өйткені бүгінде облыс 150 мега-

ватт қуат тұтынса, оның ішінде қала 80 мегаватт электр энергиясын тұтынуда. Бұл жоспар іске асса, алдағы 40-50 жылға электр энергиясынан мәселе туындамайды. Біз де үлкен шаруа атқарылады деп ауыз толтырып айта аламыз.

– **Жаңа жылу электр орталығы іске қосылса, қаладағы көпқабатты үйлерге ыстық су беріле ме?**

– Сол жағалаудағы 30 шақты көпқабатты тұрғын үйге пилоттық жоба ретінде жасау жоспарда бар. Біз бұл мәселені салыстырмалы түрде де қарастырамыз. Мәселен, тұрғындар үшін орталықтандырылған ыстық су арзан ба, әлде өз үйіне орнатылған аристон құрылғысымен жылытын су ма? Біраз елдің тәжірибесін көрдік. Оңтүстік Кореяның әр потерінде су жылытқыш құрал қойылған. Оларға сол тәжірибе, үнемді екен.

– **Жарық сөнгенде ауызсу да тоқтап қалады. Нәтижесі?**

– Бас су тоғанында екі жерде су тоқтады. Соған орай мәселе орын алды. Бір жерде жарық сөнгенде екіншісінде де сөніп қалады. Өйткені қорғаныш құрылғысы жоқ. Болашақта 2-3 жаңа электр энергиясы тартылса, жарық сөссе 10-15 секундқа ғана үзіліс болады. Жарықтың сөнуіне байланысты ауызсу да уақытша ақпай қалады.

– **«Су жүйесі» мекемесінің жұмысына қадағалау жасап отырасыздар ма? Судың сапасы, оның қисымы дегенде...**

– Бұл да – өте өзекті мәселе. Қала бойынша қажеттілік 105 мың текше метр. Ал адам басына тәуліктік қажеттілік 140 литрді құрайды. Бұл халықаралық норма болып есептеледі. Қалаға қажетті ауызсуды қыста толықтай жерасты су көздері скважиналардан аламыз. Ал жаз айларында халық бау-бақша суаруға пайдаланатындықтан, ауызсу көлемі өседі. Осыған сәйкес қазірдің өзінде 32 мың текше метрін Сырдариядан, 70 мың текше метрін аудандардан аламыз. Туындаған мәселелер аяқсуын болмауынан орын алды. Сонымен қатар дайын 30 скважинаға насос-тар сатып алынды. Бұдан басқа осы жылы аяқсу бойынша 31 скважина қазырудамыз. Әсіресе шет аймақтарға, арығы жүз жерлерге апарамыз. Келер күзге дейін осы мәселелерді шешеміз деген ойдамыз. Қорыта келе, болашақта 140 мың текше метрге дейін су тұтынуын қамтамасыз ету үшін скважина санын 146-ға дейін жеткізіміз қажет.

– **Қаржысы қалай иешілемек?**

– Жалпы біздің есебіміз бойынша тәулігіне қалаға қажетті 140 мың текше метр ауызсу беру үшін 4,5 млрд тенге ақша керек. Сол жағалау аймағынан «Тораңғылсай» жерасты су кен орнын да зерттеп, ол жақтан тәулігіне 47 мың текше метрден астам су алуға болатынын анықтап отырмыз. Сондықтан осы қажетті қаржыларды республикадан берілетін трансфертер арқылы қарастырып, келер жылдың бюджетіне кіргіземіз деген үміт бар. Қазір аяқсумен қамтамасыз ету қалада 40-45 процентті құрайды. Оны 70-80-ге жеткізсек, үлкен жұмыс жасалған болар еді.

– **Осы айтқандар жұмыстардың нәтижесін халық қана көреді?**

– Биыл күзге дейін аталған мәселені 55-60 процентін шешеміз деп отырмыз. Республикадан қаржы бөлінсе, ауызсу, аяқсу жайы да жақсарлады.

Сұхбаттасқан
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«Алғабас» пен «Ақмаяға» газ келді

«Байсын» ауылында 250 орындық жаңа мектептің құрылысы басталмақ. Сондай-ақ кездесуде аймақ басшысы Бала би ауылындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ғимараты, «Көкшөк» ықшам ауданындағы спорт кешенінің ғимараты күрделі жөндеуден өтетінін айтты. Сондай-ақ жұмыссыздықтың алдын алу шаралары туралы тілге тиек етті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасы аясында халықтың табысын арттыру бағдарламасы қабылданды. Оның өзегі – тұрғындарды тұрақты жұмыс орындарымен қамту. Бұл бағытта өңірде 30 мыңнан астам, оның ішінде Шиеліде 3623 жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Осы жылдың 5 айында ауданда 1300 жаңа жұмыс орны ашылды. Аймақтағы ірі кәсіпорындарда еңбек ететін жұмысшылардың әлеуметтік құқықтарының сақталуына кепілдік беретін 49 меморандумға қол қою жұмыстарын бастадық, – деді облыс әкімі.

Жиын соңында аймақ басшысы аудан тұрғындарының сауалдарына жауап беріп, кезектілік тәртібімен азаматтарды жеке қабылдау өткізді.

Аудандағы жұмыс сапары аясында облыс әкімі «Ақмая» және «Жуантөбе» ауылдық округтерінде болып, елді мекендерді «көгілдір отынға» қосу рәсіміне қатысты. Сондай-ақ Шиелі кентіндегі аудандық тарихи-өлкетану музейі жанынан ашылған кітапхана жұмысымен танысып, Бала би ауылындағы №10 жасөспірімдерге арналған спорт мектебінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын көрді.

Алдымен «Ақмая» ауылына аялданған аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, халықтың тұрмысына қажетті ауызсу, газ тарту, жол салу



мәселелерінің кезек-кезеңімен шешілетінін айтты.

– Елді мекендерді «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету қарқынды жүзеге асып, ауданның жаңа тынысы ашылып келеді. Соның дәлелі – биыл Шиелі кенті 100 процент газбен қамтылды. Ы.Жақасов, «Бидайкөл», «Байсын», Н.Бекежанов, Ш.Қоламанов елді мекенінің тұрғындары газ игілігін көруге мүмкіндік алды. Осындай нәтижелі жұмыстың арқасында аудан халқының әлеуметтік жағдайы жақсарып, тұрмысы түзелуде. Табиғи газ тіршілікті жеңілдетіп қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауға, орман қорын сақтауға зор мүмкіндік береді. Сондықтан игілікті істің адамзат үшін пайдасы зор, – деді Нұрлыбек Мамбеқұлы.

Бұған дейін ауыл халқы жыл сайынғы есепті кездесуде елді мекенді газдандыруды жиі көтеріп келген. Елді «Ақмая» ауылындағы 500-ге жуық тұрғын үй табиғи газбен қамтамасыз

етілді. Айта кетейік, бұл мақсатқа республикалық, жергілікті бюджеттерден 460 млн тенге қаралған.

Ал «Жуантөбе» ауылдық округіне қарасты «Алғабас» ауылындағы 600-ге жуық үйді табиғи газбен қамтуға республикалық және жергілікті бюджеттен 488 млн тенге бөлінген. Салтанатты шараға қатысқан облыс басшысы ауыл халқының өмір сүру деңгейі қалықтарымен теңескеніне тоқталып, қуаныштарына ортақтасып, ақжарма тілегін жеткізді.

– Халық игілігі үшін атқарушы билік тарапынан жасалған бастама жемісін беріп отыр. Бұған дейін ауыл халқы жыл сайынғы есепті кездесулерде осы мәселені үздіксіз көтеріп келді. Міне, бүгін тұрғындардың үміті ақталды. Бұл мақсатқа республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, енді міне, «Алғабас» ауылы да табиғи газбен қамтамасыз етілді. Бұл ауыл халқының өмір сүру деңгейі қалалықтармен теңесті деген сөз. Ен-

деше, көптен күткен қуаныштарыңыз құтты болсын, – деді құттықтауында облыс әкімі.

Айта кетейік, қос ауылдағы газ тарту жұмыстарын жүргізген мердігер мекеме – «AES and Limited» ЖШС. Тағы бір қуанар жаңалық, алдағы уақытта Шиелі ауданына қарасты «Бестам», Досбол датқа, «Еңбекші», «Жиделіарық» елді мекендеріне газ құбырын жүргізуге қажетті бюджеттік өтінім тапсырылса, «Алма-лы», Ө.Тәжібаев елді мекендеріне газ құбырын жүргізудің жоба-сметалық құжаттамалары әзірленіп, сараптамаға ұсынылған.

– Елді мекендегі ең көкейкесті мәселенің шешімі табылып, іске асқанына қуанып отырмын. Мемлекет қамқорлығы арқасында ауылмыз жыл сайын жанарып келеді. Соның бір дәлелі ретінде «көгілдір отын» тартылып, қуанышымыз еселеніп отыр. Бірлігінен пашау шықпаған, ынтымағы ыдырамаған, адал еңбек пен бірліктің арасында өсіп-өнген елміз. Лайым, осы алға басқан қадаммыздан сүрінбей, даму жолында абыройымыз үстем болғай. Отанымыздың көркейіп, ел дәулеті тасып, берекеміз нығая берсін. Ел тізгінін ұстаған азаматтарға аналық алғысым шексіз, – деді «Жуантөбе» ауылдық округі әйелдер кеңесінің төрайымы Айжамал Әбдіхамитқызы.

Айта кетейік, биыл ауылдық елді мекендерді газдандыру бойынша 13 жобаны іске асыру басталса, оның 7-і осы жылы аяқталады. Нәтижесінде 15 мыңнан астам халқы бар 7 елді мекен табиғи газға қол жеткізіп, оны тұтынатын халық санының үлесі 68 процентке жетмек. Бүгінде Шиелі ауданын табиғи газбен қамту үлесі 56,4 процентті құрап отыр.

Суреттерді түсірген
Б.ЕСЖАНОВ

Жылағы дәстүрге сәйкес, 28 маусым – Бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің күніне орай қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Ұшқыр қалам - 2022» атты мерекелік шара өтті.

Қаламгерлерге құрмет көрсетілді



Қала әкімі Асылбек Шәменов ақпарат саласы мейталмандарын төл мерекелерімен құттықтап, алғысын жеткізді. Қала әкімі Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, белгілі ақын Дүйсенбек Аяшұлының асқаралы 60 жасқа толуына орай сый-құрмет көрсетіп, нығына шапан

жапты. Сонымен қатар, мерекелік шараның таруы ретінде сала үздіктері арнайы диплом және сыйлықтармен марапатталды. Шара барысында Сыр елінің белгілі өнерпаздары мен «Мереке» вокалды-аспапты ансамблі ән-жырдан шашу шашып, мереке көрігін кыздырды.

«СБ» ақпарат



Биыл аймақта бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне атап өту іс-шаралары ертерек басталды. БАҚ қызметкерлері арасында еркін форматта караоке батл сайысы ұйымдастырылды. Алғаш рет еліміздің барлық аймақтары қаламгерлерінің басын қосқан облыс әкімінің кубогы үшін шағын футболдан республикалық турнир өтті. Бұл салтанатты іс-шараның ерекшелігі сала ардагерлері сахна төріне көтеріліп, құрметке бөленді. «Еңбек ардагері» медалімен Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясының атқарушы директоры Мұрат Шалабаев, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен «Тұран-Қазалы» серіктестігінің директоры, газеттің бас редакторы, ардагер Ғазиз Әліш марапатталды. Бір топ әріптестеріміз Ақпарат және қоғамдық даму министрінің Құрмет грамотасын алды. Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталған сала ардагерлеріне облыс әкімі шипажайға арнайы жолдама берді. Олардың қатарында біздің басылымда қырық жылдан астам еңбек еткен Жолдасбек Ақсақалов, асқаралы апысқа толған ақын, журналист Дүйсенбек Аяшұлы да бар. Газеттің бас ре-

дакторы Қуат Шарабидинов те марапат төрінен көрінді.

Ресми ақпарат көздерін әлеуметтік желілер алмастыра алды деген түсінікке облыс әкімі өз пікірін білдірді.

— Әлеуметтік желі арқылы ақпарат тез тарайды, бірақ, оның бәрі бірдей шынайы ма, мәселе сонда! Сондықтан, баспасөз бен теледидардың халыққа дұрыс, зерттелген мәлімет жеткізіп, аналитика мен нақты факт арқылы жалғандыққа жол бермей, шынайылықты сақтаудағы орны жоғары бола бермек! Дәстүрлі БАҚ, бұл – таспа мен баспаға танбаланған тарих, бүгінгінің бейнесін болашаққа аманаттайтын мұра, ел өмірін сөзбен мүсіндеген мұражай, маңызды оқиғалардың көмбесі, әсерлі әңгіме мен көркем сөздің әдебиеті, – деді Нұрлыбек Мамбекулы.

Алаш ардақтысы, көрнекті ағартушы Міржақып Дулатұлының

«Қанайты қалам» қалықтаған күн



Әке ықыпалмен көркем әдебиетке, жазу-сызуға ынталы болған апалы-сіңлілі Айсұлу мен Нұрсұлу Қасымовалар бұл мамандыққа аяқасты келмегенін көрсетеді. Сырария ауданына қарасты Ішкәрдәрия ауылында туған бауырлар бүгінде мәртебесі биік, жауапкершілігі зор мамандықты кәсіби білімдерін, салада жемісті еңбек етуде.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Ақпарат айдынындағы ағайындылар



Айсұлу 1988-1993 жылдар аралығында қарашанырақ ҚазҰУ-де білім алды. Оқуды бітірісімен бірден республикалық «Жас қазак» газетіне жұмысқа орналасты. Қазақтың аринды ақыны Нұрлан Мәукеңұлы жетекшілік еткен басылымда Ғ.Жайлыбай, Б.Үсенов, Б.Түкөбаев секілді қаламгер ағаларынан үйреніп, біраз ысылды. Бертін келе туған жерге оралып әуелі «Қызылорда таймс», артынша «Ақмешіт ақшамы» газеттерінде қайнаған тілшілік тіршілікке етене енді. Кейін қала әкімінің баспасөз хатшысы, облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасында қызмет жасай жүріп, БАҚ пен билік арасын жалғады. 2004 жылы журналистикадағы қызметі телевизия саласында жалғасты. Телеарнадағы 17 жыл соқпағында Айсұлу Қасымова телешоуларда саңлақ қырынан сыналды. Шеф-редактор болды, телеарнаның бас редакторы қызметін атқарды. Сөйте жүріп «Айтармын, бар ағайын!», «Нысан» хабарларын шығарды. «Айқарақөз» хабарында қыз-келіншектерге пайдалы әңгіме тиегін ағытса, «Шаңырақ» хабарында қазақтың отбасылық дәстүрлерін дәріптеді. «Өмірдің өзі...» ток-шоуында қоғамдағы түйткілді дөң басуға тырысты. Журналистикадағы тәлім-тәжірибесін жастарға үй-

ретті. Олардың бірқатары бүгінде республикалық БАҚ-тарда жұмыс жасап жүргеніне мақтанады. Төккен тер мен еткен еңбектің өтеуі болатыны белгілі ғой. Журналистикадағы қолтаңбасы үшін Айсұлу көп құрметке бөленді. 2020 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бүгінде білікті масс-медиа маманы облыстық «Қызылорда» телеарнасы директорының орынбасары ретінде айыштық хабар таратуға сүбелі үлес қосып келеді.

Ал сіңілісі Нұрсұлу – Алматы Халықаралық Журналистика институтының түлегі. Еңбек жолын Алматы қаласындағы «Өңтүстік астана» телеарнасында бастаған. Бүгінде «Қазақстан» Ұлттық арнасының Еуропадағы меншікті тілшісі. Отбасылы, екі ұл тәрбиелеуде. Халықаралық журналистер қауымдастығының мүшесі.

Нұрсұлу мектепте оқып жүргенде-ақ ағылшын тілінен озық болды. Тілді жетік меңгеріп, жер жаһанды араласам деген бала арманы биік мұраттарға жетеледі. 2013 жылдан бері мемлекетіміздің игілігіне бағытталған қызметін Батыс Еуропаның бас қаласы Бельгияда жалғастыруда. Тілшілік қызметінде талай жерді аралады. Қазақтың қаршадай қызы тайсалмады. Еурокомиссия

төрағасы Жозе Мануэль Баррозу, Италияның бұрынғы Премьер министрі Романо Проди, Швейцария экс Президенті Дидье Бурхалтер секілді сақа саясаткерлермен терезесі тең отырып сұхбаттасты. Қазақ мемлекеті үшін талай маңызды шаралардан мазмұнды ақпарат таратты. Еуропарламент сессияларынан жел-дел ақпарат жеткізді. Шетелдегі қазақтарды елге танытты. Мемлекеттің лауазымды тұлғаларының шетел сапарларын ақпараттандырып жүр. Ағылшын тіліне қоса француз, итальян тілдерін жетік меңгеріп алған ол НАТО мен Еуроодақ саммитінен репортаждар жасайды. Бүгінде Нұрсұлу Қасымның мәйекті сюжеттерін алыстағы ата-анасы ғана емес қалың қазақ елі асыға күтеді. Өйткені оның әдемі қоныр даусының ә дегеннен көрерменін баурап әкететін сиқыры бар.

Журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында қызмет пен отбасын қатар алып жүрген нәзік жандарға ортақ сұрақ жолдап пікірлерін білдік.

– Қайта мамандық таңдап, бәрін басынан бастау қажет болса сіз кім болар еліңіз?

Айсұлу Қасымова:

– Психология саласын таңдар едім. Адам – Алла тағаланың ең керемет жаратылысы болса, әрбір адамның бойында өзіне бейімделі қасиеттер өте көп. Соны табуға,

жауабы жоқ сұрақтардың шешімін іздеуге, адамың, қиналып жүрген жандарға жол табуға көмектесіп, жұбаныш болғым келеді. Менің өмірге келгендегі миссиям – адамдарға көмектесу секілді. Себебі, отбасында, ортада, қоғамда адамдарға қамқорлықпен қараймын. Айналамдағылар менен жылылық күтеді.

Егер журналист болсам психолог болар едім деп ойлаймын. Адамдардың жан дүниесін ашып, рухани кемелденуіне атсалысар едім. Бизнесің өзіне де психологиялық дайындық керек. Әр адамның өмірге келген соң өз бағыты болғаны жөн. Кейбір адамдар «менің үнемі жолым болмайды» деп ойлайды. Адамның өзінің өзінің жолын тауып, зерттеп, жәрдемдесер едім. Психология – ауқымды сала. Кез келген адамға экономикада болсын, бизнесіңде немесе отбасылық қарым-қатынаста болсын психология керек. Өмірдің өзі тұнып тұрған стресс ғой. Бойымызда блок көп. Жалпы адамдарға пай-

дам тисе, рахаттанып, біразға дейін шабыттанып жүрмек.

Нұрсұлу Қасым:

– Дәрігер болар едім. Маған қатты ұнайтын мамандық. Адам өмірінің арасысы. «Өңтүстік Астана» арнасында медицина саласын ақпараттандыру маған жүктелді. Сол уақытта Алматыда жана технологиялармен жасалатын оталарға қатыстыбыз. Туабиіт қауым бар, естімейтін балаға ота жасалды. Екі күннен кейін алты жастағы баланың анасының даусын алғаш рет естіген сәтін көріп, көз жасымызға ерік бердік. Осы тәрзідес көптеген оталарға қатыстым. Жүрек, бүйрек ауыстырған кезде нәр таппастан 24 сағат қызмет еткен дәрігерлердің еңбегін көрдім. Сол кезде бұл мамандық иелеріне басымды идім.

Медицина тақырыбына қалам тербегеннен кейін, диагноздарды, ауруларды барлығын зерттеп оқитыным. Бейберекет дәрі де іштейтін болдым. Қазір балаларымының басы ауырып, ыстығы көтерілсе де оны дәрімен түсіруге тырыспаймын. Ағза өз күресу керектігін білемін. Медицина тақырыбында жазған тілші болғанымның көп пайдасы тиді. Достарым кейде әзілдеді («медицина факультетін сырттай бітіргенсің» деп). Болашақта жойылып кететін мамандықтардың қатарына медицина да жатқызылды. Оталарды күлтемірлер жасайды деп. Қазірдің өзінде күлтемірлер оталарға ассистент ретінде қатысуда. Бірақ дәрігерді күлтемір алмастыра алмайды.

– Қызмет барысында басыңыздан өткен бір қызықты оқиғаныңыз...

Айсұлу Қасымова:

– Токсаныншы жылдардың басында «Ақмешіт ақшамы» газетінде жұмыс істеп жүргенмін. Қақаған қыста ТЭЦ жарылып,

бүкіл қала жылусыз қалды. Қала билігі тез шешім қабылдап, тұрғындарға жылу беру қамын кірісіп кетті, яғни, қонқабаты үйлерді шағын жылу қазандықтарымен жылытуға әкімдік қоманды қаржы бөлді. Сол кезде облысқа танымал белгілі кәсіпкер жобаны ұтып алды. Алайда уәделерін орындамай, адамдар тонып отырғанда сынап газетке жаздым. Кәсіпкер ағамыз шетелде қыдырып жүр екен. Газетке сын мақала шыққанын естісімен адамдардың маған жіберіпті. Олар қорқытып, үркітті. Ол кезде кейбір кәсіпкерлердің кабинетін қарулы жігіттер қорғайтын елі ғой. Өзі де шетелден келе сала «сені отқа беремін, бұл жала жабу» деп біраз бұлқалтқан болды. «Жаздым, жанылым» деп басқа мақала жаз деді. Мен өзіме сенімді едім. Сотқа берсе де ештеңе істей алмайтын. Себебі қолымда тұрғындар пікірін жазып алған аудиожазбалар, барлық дәлелдемелер бар еді. Қыруар қаржыны алып міндеттерін орындамай отырғаны анық болатын. Жалпы бұл оқиға арыстанның тышқанға әлімжеттік қылғаны сияқты көріністі көз алдына әкеледі. Бірақ, менің артымда БАҚ деген ұлы күш тұрғанын түсінген болуы керек... Газет көтерген мәселеден кейін жылу мәселесі шешілді.

Тағы бір оқиға облыстағы бір ірі зауыттың жұмысшылары біраздан бері жалақы ала алмай жүр екен. Зерттеу жүргізіп «Жыламаған жұмысшыға жалақы жоқ» деген мақала жаздым. Мекеме басылығын сынадым. Кейін білдік, алғи мекеме басшысы қала билігіне қатысы бар кісілерге жақын адам екен. Кейбір әріптестерім «мұндай қалада неге бардың, бұл кісі «Пәленше Түгеншеевтің» туысы ғой» деп айтып жатты... Аз уақыттан соң мекеме жұмысшылары жалақысын алды. Ол кезде баспасөздегі сынның салмағы бар еді ғой...

Нұрсұлу Қасым:

– «Өңтүстік астана» телеарнасында маған коммуналдық саланы берді. Бір күні металл ұрлайтындар туралы сюжет дайында деп. Оператор Кирилл екеуміз Алматының шетіне шығып ұрылдардың сымырлары қырықп жатқан жерінен үстінен түстік. Олар біздің түсіріп

жастары» газетінен Дина Бөкебай жеңімпаз атанды. Асыл перзенті өмірге әкелген әзиз анаға облыс әкімі құрмет көрсетіп, ілтипатын жеткізді.

Мұнан соң Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Аманжол Онғарбаев ұйымның атынан қаламгер Жаңабай Кемалға Қазақстанның Құрметті журналисті төсбелгісі берігенін айтып, бір топ БАҚ өкіліне Құрмет грамотасын табыстады.

Дүйім жұрттың көзі, құлағы һәм тілі қызметін атқарып, халықтың әл-ауқаты мен қоғам тынысынан хабар тарататын тілшілер қауымы концерттік бағдарлама ны тамашалады. Концертте Қазақстанның еңбек сіңірген артисті Құлән Қалымбетова, «Тұран триосы» ән салды. «Томирис» би ансамблі мың бұрала биледі. Сыр елінің жарыш-термелері Шолпан Бимбетова, Майра Сәрсенбаева, Әділбек Қуанбаев, Серік Жаксығұлов жырдан шашу шашты. «Атамекен бизнес» телеарнасының меншікті тілшісі Шариға Сақтапова, «Qyzylorda» телеарнасының шеф-редакторы Мөлдір Құлмырзаева және аталған телеарнаның бас продюсері Алтынай Молжанова ән шыққанды. Сахнада өнер көрсеткен «Ұстаз мәртебесі» газетінің тілшісі Айдар Сайлауов, «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Ақтөлек Бітімбай, «Халық» газетінің тілшісі Рыскелді Жақман мерекелік құттықтауларын өлеңмен өрді. Журналистер отбасы «Қаба 24» телеарнасының меншікті тілшісі Нұрлан Жақыбеков пен жұбайы «Қоғамдық келісім» мекемесінің баспасөз хатшысы Әсел Абзалқызы «Бақыт таңы» әнін нақышына келтіріп орындады. Салтанатты кеш «Қызылординские вести» газетінің тілшісі Әлібек Байшұленов, «Qogam TV» телеарнасының тілшісі Берік Батпанов, «Qyzylorda» телеарнасының директоры Талант Айтмбетов орындаған Токтар Серікөвтің «Ақаты» әнімен көңілді нотада аяқталды.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифици-
катталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таларымыз 26086

Тапсырыс №1064

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор **Шынар БЕКБАН**